


## Ағымдағы экономикалық белсенділікті бағалауға арналған дэшборд

Jusan Analytics командасы 2022 жылдың шілдесінде ағымдағы **экономикалық белсенділікті бағалауға арналған дэшбордты әзірлеп шығарған болатын**. Ол экономиканың қысқа мерзімді циклдің қай фазасында екенін түсінуге және экономикалық агенттердің ықтимал әрекеттерін және тиісті факторлардың **(инфляция, валюта бағамы, іскерлік белсенділік, мөлшерлеме)** қозғалысын болжауға мүмкіндік береді.



Дэшборд нәтижесі бойынша **29 фактордың 19-ысы экономиканың тұрақты түрде қызып тұрғанын көрсетеді**. Талдау 4 блок бойынша жүргізілді: инфляция, сондай-ақ монетарлық, экономикалық және сыртқы жағдайлар.

Белгілеулер	Көрсеткіштер саны	
	Ағымдағы	Бұған дейінгі
Қызып кету ●	20	22
Өсу ●	5	4
Суыну ●	4	3
<b>Барлығы</b>	<b>29</b>	<b>29</b>

Бұған дейінгі дэшбордпен салыстырғанда инфляция блогындағы 1-ші көрсеткіш және монетарлық жағдайлар блогындағы 2-ші көрсеткіш суыну аймағына өтті. Алайда бұған дейін бақылауға алынған көрсеткіштердегі «қызып кету» белгілері Үкімет пен ҚРҰБ жағдайды тұрақтандыру үшін шаралар қабылдаулары керектігін білдіреді. Біз ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитетінің келесі отырысында **базалық мөлшерлеменің одан әрі көтерілетінін күтеміз**.

Сондай-ақ ҚРҰБ баспасөз-релизіне семантикалық талдау жүргізілді.

## Инфляция блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы	Бұған дейінгі
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (ж/ж)	4-6%	ҚР ҰБ 2022 жылға мақсатты көрсеткіші	16.1%	15.2%	13.4%	●	●
Инфляцияның ағымдағы деңгейі (а/а)	0.6%	2019-2021 жж. бойынша осы айдағы орташа мән	1.4%	1.4%	1.7%	●	●
Инфляциялық болжам	5.0%	ҚР ҰБ мақсатты дәлізінің бір жылдан кейінгі жоғарғы шегі	15.6%	14.0%	11.9%	●	●
Нақты пайыздық мөлшерлеме (TONIA және бір жылға алдын ала жасалған инфляциялық болжам арасындағы айырма)	3.6-3.7%	ҚРҰБ зерттеу деректері	-2.11%	-0.11%	1.79%	●	●
Тұрғын үй бағасы, (а/а)	0.40%	2019-2021 жж. осы айында жаңа тұрғын үйді сату бағаларының өзгеруінің орташа мәні	0.5%	1.1%	1.7%	●	●
	0.93%	2019-2021 жж. осы айында пәтерлерді қайта сату бағаларының өзгеруінің орташа мәні	0.8%	0.7%	2.4%	●	●

Белгілеулер	
Қызып кету	●
Өсу	●
Суыну	●

Дереккөз: ҰСБ, ҚРҰБ, расчеты Jusan Analytics есептеулері

## Инфляция блогы бойынша тұжырымдар:

Инфляция бойынша 2022 жылдың шілдесіндегі статистика **тұтыну бағаларының өсімі жылдық есепте 15%-ға дейін үдегенін растайды** (маусымда 14.5%). Осы ретте **айлық инфляцияның 1.1%-ға дейін бәсеңдегені** байқалады (маусымда 1.6%). Бағаның бұған дейінгі айларға қарағанда баяу өсуіне көкөністер мен жемістердің жаз айларында арзандауы және азық-түлікке жатпатын тауарлардың кейбір түрлері бойынша бағаның өсу қарқынының бәсеңдеуі әсер етті.

Жылдық тұрғыдан алғанда азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар сәйкесінше 19.7% және 14.2%-ға қымбаттады (ал бір ішінде +1.0% және +1.5%). Сервистік инфляция әлі де жоғары өсу қарқынын сақтауда - 9.2% ж/ж (0.8% а/а).

Бағалардың айлық өсімінің баяулағанына қарамастан, олардың өзгеру қарқыны әлі де жоғары. Тұтыну бағаларының қымбаттауына әлемдік бағалар тарапынан түсіп жатқан қысым, теңгенің әлсіреуі, өндірістегі және тауар жеткізу тізбегіндегі қиындықтар себеп болуда. ҚРҰБ шілдеде жүргізген сауалнамасының нәтижесі бойынша **халықтың инфляциялық болжамы** өткен аймен салыстырғанда нашарлады. Инфляциялық болжамды бір жыл алдын ала бағалау 15.6%-ды (маусымда – 14.8%) құрады. Халық болжамының нашарлауы – бұл теңгенің әлсіреуінің, ғаламдық экономикада қайталымды дағдарыстың дамуына қатысты қорқыныш аясындағы айқынсыздықтың және Ресей мен Украина арасындағы әскери қақтығыстың салдары. Инфляциялық болжамда үмітсіздік көзқарастың қалыптасуы ішкі нарықта инфляциялық ахуалдың күшеюіне әсер етеді.

ҚРҰБ монетарлық талаптарды қатаңдату бойынша қадамдары инфляциялық үдерістердің өсу қарқынына ілісе алар емес. Нәтижесінде базалық мөлшерлеменің **көтерілуі тұтыну сұранысының артуына және ішкі бағалардың өсуіне лайықты тежеуші күш бола алмайды.**

## Монетарлық жағдайлар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы	Бұған дейінгі
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Жеке тұлғаларға кредит беру	657 419 млн ₸	2019-2021 ішіндегі орташа мән	1 164 726 млн ₸	1 062 095 млн ₸	921 045 млн ₸	●	●
Сауда және қызмет көрсету секторына кредит беру	543 660 млн ₸	2019-2021 ішіндегі орташа мән	582 553 млн ₸	557 802 млн ₸	567 711 млн ₸	●	●
Кредиттер/депозиттер	100%	2019-2021 ішіндегі орташа мән	103%	104%	103%	●	●
Ақша айырбастау пункттерінде валютаға сұраныс	169 729 млн ₸	2019-2021 ішінде шетел валютасын сату бойынша орташа мән	82 176 млн ₸	111 307 млн ₸	137 810 млн ₸	●	●
Теңгелік салымдардың серпіні*	Өсім		3.1%	8.1%	4.6%	●	●
Валюталық салымдардың серпіні*	Төмендеу		+3.5%	+8.9%	+1.6%	●	●
Долларлану*	Төмендеу		+0.09 п.т.	+0.18 п.т.	-0.67 п.т.	●	●
Ақша мультипликаторы	2.2	2019-2021 ішіндегі орташа мән	2.85	2.97	3.13	●	●
Несие мультипликаторы	1.8	2019-2021 ішіндегі орташа мән	2.47	2.67	2.72	●	●
Қосалқы мультипликатор	0.3	2019-2021 ішіндегі орташа мән	0.20	0.20	0.17	●	●

Белгілеулер	
Қызып кету	●
Өсу	●
Суыну	●

\* Жыл басынан бергі және 3 ай ішіндегі өзгерістер берілген

Дереккөз: ҚРҰБ, Jusan Analytics есептеулері



## Монетарлық жағдайлар блогы бойынша тұжырымдар:

Маусымда жеке тұлғаларға несие беру 14%-ға өсті. Барлық көрсеткіштер біздің бағалауымызша оңтайлы мәннен жоғары. Мысалы, жеке тұлғаларға жаңа несие беру бойынша өсім - 64%. Жеке тұлғаларды, яғни тұтынушылық несиелендірудің басқыншылық сипатта артуы экономикада кредитке деген сұраныстың артып жатқандығын көрсетеді. Бұл инфляцияға кері әсер етеді. Сауда және қызмет көрсету секторына несие берудің өсуі де экономиканың қызып кеткендігін көрсетеді. Өсім бір ай ішінде 2.5%-ды құрады. Бұл тиімді деңгейден жоғары. Несие берудің өнімсіз сипатта өсуі экономикада артық сұраныстың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл ретте ұсыныс тарапында құрылымдық мәселелердің бар екенін жоққа шығаруға болмады.

Бір ай ішінде теңгелік кредиттердің депозиттерге арақатынасы 2 п.т. -қа төмендегені байқалады. Өйткені депозиттер өсті. Алайда бұл өсім теңгелік қордың ұлғаюына сәйкес келмейді және **ол теңгелік несиелендіру нарығының қызып кеткендігін көрсетеді. Ол жинақ ақшамен қамтамасыз етілмеген.** Нарықта **қолма-қол валютаға деген сұраныс сальдосының күрт төмендегені байқалады. Бір ай ішінде валютаға сұраныс 80%-ға қысқарды.** Бұл тиімді мәннен елеулі түрде төмен. Еңбек демалысы маусымына байланысты валютаға деген сұраныс бәрібір артпады. Алайда маусымда күтпеген жерден теңгеге деген сұраныс өсті. Біздің пікірімізше бұл төмендеу Қазақстан аумағында қаржылық операция жүргізіп жатқан Ресей азаматтарынан шетел валюталарының (доллар мен рубльдің) ағылуына байланысты. Осылайша мұндай сигналды артық белсенділіктің төмендеуі ретінде бағалауға қарамастан, ағымдағы жағдайда бұл шама ішкі жағдайды және Қазақстан азаматтарының валютаға деген сұранысын аз дәрежеде білдіреді.

Маусымда теңгелік салымдар 4.47%-ға күрт өсті. Бұл теңгелік депозиттердің жалпы өсу серпінін өсу аймағына ығыстырды. Алайда бір ай ішінде валюталық салымдар да 13.88%-ға ұлғайды. Бір ай ішінде долларлану деңгейі 1.94 п.т.-қа жоғарылады. Бұған дейін валюталық салымдар жүйесінен капиталдың жылыстауы салдарынан долларлану жоспарлы түрде төмендеді. Бірақ солардың есебінен теңгелік салымдар өсе қойған жоқ.

Барлық дерлік монетарлық мультипликаторлар бір ай ішіндегі оң серпінге қарамастан, «қызыл аймаққа» терең еніп кеткен. Бұл қазіргі банк жүйесін қорландыру параметрі және қолжетімді резервтер аясында кредиттік белсенділікті тежеу керектігін көрсетеді. Осылайша кез келген қосымша сыртқы, оның ішінде эмиссиялық сипаттағы құйылымдар артық кредиттік сұраныстың артуына және экономиканың тым кредиттеліп кетуіне әкеп соғады.

## Экономикалық жағдайлар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер					Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Тоқсандық деректер		Ағымдағы	Бұған дейінгі
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа	Ағымдағы мән	Өткен тоқсан		
Шығарылым алшақтығы*	0.0%	Халықаралық тәжірибе				0.5%**	0.4%**	●	●
Мембюджеттің/ЖІӨ мұнайға жатпайтын тапшылығы	0.0%					-8.7% (-11.1%)**	-4.3% (-6.3%)**	●	●
ҚЭИ	103.3%	2019-2021 ішіндегі орташа мән	100.5	103.9	104.8			●	●
Іскерлік белсенділік индексі	50.0%	Жалпыәлемдік тәжірибе	48.0	48.6	49.1			●	●
Бизнес-цикл «сағаты»		ҚРҰБ деректері	Область подъема	Область подъема	Область подъема			●	●
Тұтыну шығындары	9.7%	2019-2021 ішіндегі халықтың тұтыну шығындарының өзгеруінің орташа мәні				16.0%	12.2%	●	●
Тауарлар мен қызмет көрсету саудасының көлемі	10.3%	2019-2021 ішіндегі бөлшек сауданың өзгеруінің орташа мәні	22.3%	19.7%	15.5%			●	●
	9.0%	2019-2021 ішіндегі көтерме сауданың өзгеруінің орташа мәні	20.8%	18.2%	24.6%			●	●
Тауарларды импорттау	7.6%	2019-2021 ішінде тауарларды импорттаудың орташа мәні	18.9%	14.2%	16.1%			●	●

Белгілеулер	
Қызып кету	●
Өсу	●
Суыну	●

\* Ходрик-Прескотт фильтрін қолдану арқылы есептелді  
 \*\* ЖІӨ 2005 жылдың орташа жылдық бағаларымен берілген динамикасының базасында  
 \*\*\* ҚР ҚМ әдістемесі бойынша есептеулер

Дереккөз: ҰСБ, ҚР ҚМ, Jusan Analytics есептеулері

## Экономикалық жағдайлар блогы бойынша тұжырымдар:

Екінші тоқсанда шығарылым алшақтығы 0.1 п.т.-қа өсіп, 0.5%-ды құрады (2022 1 тқс. – 0.4%). Бұл өсім өнеркәсіптік саланың, нақты – **өңдеуші сектордың озық дамуы есебінен орын алды**. Айталық, ағымдағы жылдың 2-ші тоқсанында елдің ЖІӨ жылдық есепте 3.4%-ға өсіп, 39.6 трлн теңгені құрады. Бұл ретте өңдеуші сектордың үлесі 5.8%-ға өсті. Сектордың құрамдаушы бөліктеріндегі елеулі өсім – автокөлік құралдарын өндіру, басқа да дайын бұйымдар және негізгі фармацевтикалық өнімдер нарықтарында тіркелді.

Мемлекеттік бюджет тағы да дефициттік аймаққа еніп, ЖІӨ-нің 1.6%-ын құрады (2021 2 тқс -3.1%). Бұған себеп – бюджеттің шығыстық бөлігі өсті. Мұнайға жатпайтын бюджет ЖІӨ-нің -8.7%-на тереңдеді (2021 2 тқс -9.5%). Бюджет шығындарының өсуі экономикада сұранысты шектен тыс ынталандыруға әкеп соғады. **Бұл өз кезегінде бағаларға қосымша қысым көрсетеді. Нарықтың бейімделуіне кедергі келтіреді және бағалардың өсуіне септігін тигізеді. Ал жиынтық шығындар да арта түседі (инфляциялық шиыршық белгісі).**

ҚЭИ көрсеткіші 2022 жылдың 7 айы ішінде 4.0%-ға өсті (шілдеде +0.5%). Оған себеп – **базалық салалардың ұлғаюы** (жылдық есепте: құрылыс +8.6%, байланыс +6.5%, сауда +6.2%, көлік +5.6%, өнеркәсіп +2.7% және ауыл шаруашылығы +2.1%). ҚЭИ өсімі өткен кезеңнен (+3.7%) және дағдарысқа дейінгі 2019 жылдан (+4.4%) жоғары. **Бұл Қазақстан экономикасының лайықты өсіп жатқандығын көрсетеді**. Алайда ҚЭИ-дің шілдедегі мәні мақсатты көрсеткіштен төмен қалыптасты. Бұл экономикалық өсімнің әлеуетті деңгейге жақын қалыптасқандығын көрсетеді.

**Тұтыну сұранысы өсіп жатыр және өткен жылдардың деңгейінен жоғары. Бұл инфляциялық үдерістердің одан әрі күшеюіне әкеп соғады.** Тұтыну шығындары халықтың барлық шығындарының 90%-ын құрайды. Ол 2022 жылдың 1 тоқсанында жылдық есепте 16.0%-ға өсіп, (2021 1 тқс. +6.4%) халықтың жан басына шаққанда 201.8 мың теңгені құрады. Олардың ішінде азық-түлік тауарларына келетін шығындар – 54%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша - 26%. Ақылы қызмет шығындары – 19%. Шілдеде бөлшек сауда жылдық есепте +22%-ға (маусымда 8% ж/ж), көтерме сауда +21% ж/ж (маусымда +2% ж/ж) өсті. Атап өту керек, мұндай өсім тауарларға ресейліктер тарапынан сұраныстың артқандығынан болуы ықтимал. Импорттың белгілі бір баптары бойынша да (киім-кешек, электроника, автокөлік бөлшектері) осындай динамиканы байқаймыз.



### Сыртқы жағдайлар блогы

Факторлар	Мақсатты көрсеткіш	Мақсатты көрсеткіштер бойынша түсіндірулер	Көрсеткіштер			Бағалау ықпалы	
			Айлық деректер			Ағымдағы	Бұған дейінгі
			Ағымдағы мән	3 ай ішіндегі орташа	Жыл басынан бергі орташа		
Brent маркалы мұнай бағасы	Баррель үшін \$ 90.0	Мұнай бағасы 2022 ж. мамырында бекітілген, мемлекеттік бюджетке енгізілген түзетулерге сәйкес (оған дейін баға бір баррель үшін 60 доллар болған еді)	Баррель үшін \$ 97.3	Баррель үшін \$ 106.5	Баррель үшін \$ 103.9		
ФАО тұтыну бағаларының индексі	106.3	2019-2021 ішіндегі орташа	138.0	144.4	148.2		
Негізгі сауда әріптестері саналатын елдердегі инфляция	4.8%	Ресей, 2019-2021 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	15.1%	16.0%	14.4%		
	7.1%	Қытай, 2019-2021 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	3.2%	2.6%	1.8%		
	1.7%	ЕО, 2019-2021 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	9.8%	9.4%	8.0%		
	15.7%	Түркия, 2019-2021 ішінде бағалардың өзгеруінің орташа деңгейі	79.6%	77.2%	66.6%		
Доллар индексі	95.2	2019-2021 ішіндегі орташа мән	107.2	106.1	101.7		

Белгілеулер	
Қызып кету	
Өсу	
Суыну	

Дереккөз: ҰСБ, TradingEconomics.com, fao.org, Jusan Analytics есептеулері



## **Сыртқы жағдайлар блогы бойынша тұжырымдар:**

2022 жылдың тамызында жоғары әлемдік бағалар тарапынан азық-түлікке және энергия тасымалдаушыларға түсетін қысым аздап төмендеді. **Әлемдік экономиканың даму келешегіне қатысты алаңдаушылық сезімнің күшеюі әлемнің маңызды экономикаларының монетарлық жағдайларының қатаңдатылуымен бірге жиынтық сұраныстың төмендеуіне әкеп соқты. Бұл әлемдік бағаларға әсер етті.**

**ФАО Азық-түлік бағаларының индексі** бір ай ішінде 2.7 пунктке түсіп, 138.0 пунктті құрады. Әлемдік азық-түлік бағаларының түсуі Солтүстік жартышарда жаңа егін жинау науқанының басталуына және Украина порттарынан шығарылатын экспорттың қайта қалпына келуіне байланысты. Алайда бағалардың ағымдағы деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда әлі де жоғары (7.9%-ға жоғары) және инфляциялық ахуалдың сақталуына ықпал етеді. Одан басқа, қолайсыз ауа-райы азық-түлік тауарларын ұсынушы тараптар үшін үлкен қауіп-қатер. Бұл бағаның тағы да өршіп кетуіне түрткі болуы мүмкін.

Шілденің ішінде **мұнай бағасы** 7.4%-ға түсіп, орташа есеппен бір баррель 97.4 доллар деңгейінде сақталды. Мұнай бағасының елеулі түрде түсуі ұсыныс тарапынан проблемаларды шектеді.

**Қазақстанға әріптес елдердің барлығында инфляция осы елдердегі тиімді мәннен жоғары.** Шілдеде Ресейде инфляция 15.9%-ды, ЕО-да – 9.8%-ды, Түркияда – 79.6%-ды құрады. Қытайда тұтыну инфляциясы 3.2%-ға дейін өсті. Осы ретте Қытайда инфляцияның ағымдағы деңгейі соңғы 2 жыл ішіндегі ең жоғары көрсеткіш. Бұл инфляциялық үдерістердің, оның ішінде әлемдегі екінші экономикада күшейіп жатқандығын білдіреді.

2022 жылдың тамызында доллардың индексі орта есеппен 107.2 пункттен (шілдеде – 107.0) жоғары болды. Жыл басынан бері доллар индексінің орташа мәні 101.7 пунктті құрады. Бұл соңғы үш жылдағы орташа көрсеткіштен жоғары (95.2) **және доллар тарапынан қысымның күшейгенін білдіреді.**

## **Баспасөз-релиздерін талдау**

Біз ҚРҰБ-тың 2022.25.07. "Базалық мөлшерлемені 14.5% дейін көтеру туралы" баспасөз хабарламасына семантикалық талдау жүргіздік. Онда "инфляция" сөзі 24 рет, "өсім" - 11, "баға" - 9, "жылдық", "жоғары", "маусым", "мөлшерлеме" және "экономика" сөздері 7 реттен, ал «АҚШ» сөзі 6 рет қолданылғанын байқадық. Маңызды сөздердің қайталану жиілігінің өзгеріп жатқандығы байқалады. Мысалы, өткен жолғы баспасөз хабарламасында «өсім» сөзінің қайталану жиілігі 2.33%-ды, ал бұл жолы 1.63%-ды құрады. «Инфляция» сөзі жиі қайталанатын болды: өткен жолы оның жиілігі 1.88%-ды, бұл жолы 2.08%-ға тең болды. «Баға» сөзінің жиілігі 0.35 п.т.-қа қысқарды.

**Осылайша жаңа базалық мөлшерлемені бекіту барысында маңызды факторлар – бағалардың өсу қарқыны/инфляция және АҚШ ФРЖ мөлшерлемесі болды.**

<b>Сөйлемше/сөз</b>	<b>Саны</b>	<b>Жиілік, %</b>
«инфляция»	24	2.08
«өсім»	11	1.63
«баға»	9	1.34
«жоғары»	7	1.04
«жылдық»	7	1.04
«маусым»	7	1.04
«мөлшерлеме»	7	1.04
«экономика»	7	1.04
«АҚШ»	6	0.89

## Әдіснама

### Теориялық негіз ретінде Тейлор Ережесін қолданамыз

**Тейлор Ережесі (Taylor Rule)** — монетарлық саясат ережесі. Ол Жалпы ішкі өнімнің көрсеткіштері, инфляция және басқа да экономикалық жағдайлар өзгерген жағдайда пайыздық мөлшерлемені қаншалықты өзгерту керектігін белгілейді. Ереже барынша жұмыспен қамтуды және баға бойынша тұрақтылықты қамтамасыз ету міндетіне қандай монетарлық саясат жауап беруі тиіс екендігін ғылыми және жүйелік тұрғыда анықтау және орталық банктің монетарлық саясатын болжауға келетіндей ету мақсатында ойлап табылған болатын.

**Тейлор Ережесінің формуласы** мынадай түрге ие:

$$i_t = \pi_t + r_t^* + a_\pi(\pi_t - \pi_t^*) + a_y(y_t - \bar{y}_t).$$

$i_t$  — пайыздық мөлшерлеме;

$\pi_t$  — нақты инфляцияның деңгейі;

$\pi_t^*$  — инфляцияның қажетті деңгейі, монетарлық реттеушінің таргеті;

$r_t^*$  — тепе-теңдік пайыздық мөлшерлемелердің жорамал деңгейі;

$y_t - \bar{y}_t$  — шығарылым алшақтығы, нақты және әлеуетті Жалпы ішкі өнімнің арасындағы айырма, өсімнің ұзақ мерзімді траекториясына қатысты циклдың фазасын белгілейді.

## Экономикалық жағдайлар бойынша дэшбордқа арналған пайымдаулар:

**Біз жасаған дэшборд Тейлор Ережесін шартты түрде үш блокқа бөледі.** Олар қалай болғанда да базалық теңдеуде қолданылатын тиісті факторларға сәйкес келеді.

Бұл ретте біз түсіндіруші факторлардың санын көбейттік, сондай-ақ бірқатар озық факторларды қостық. Тиісті факторлар бойынша деректерге баға беріледі. Соның нәтижесінде олардың оңтайлы, ұтымды деңгейден ауытқу дәрежесі белгіленеді. **Көрсеткіштердің жағымсыз жаққа ауытқуы экономиканың қызып кеткендігін** немесе фискалдық және монетарлық талаптарды қатаңдатуды талап ететін басқа да мәселелердің бар екендігін білдіреді. **Ал төмендегені қосымша ынталандыру шаралары қажет екендігін көрсетеді.**

- **Инфляция блогы** - экономикалық саясаттардың теңгерімсіздігінің, экономикалық белсенділіктің қызынуының және артық сұраныстың негізгі индикаторы;
- **Монетарлық жағдайлар блогы** - инфляцияның озыңқы факторлары, Тейлордың базалық теңдеуіндегі теңгерімді мөлшерлемені түсіндіру және факторды ауыстыру;
- **Экономикалық жағдайлар блогы** - шығарылымның оң немесе теріс үзілісі бар екендігіне қатысты кең ұғым, кең мағына береді.

Тейлор Ережесінің маңызды анықтамасы: шағын ашық экономикалар үшін бірқатар сыртқы жағдайларды ескеру қажет.

- **Сыртқы жағдайлар блогы** - ағымдағы циклдың фазасына айтарлықтай ықпал ете алатын маңызды сыртқы факторларды көрсетеді;

Әрбір көрсеткіш бойынша нәтижелер жиынтығы экономиканың ағымдағы жай-күйін және **"қызып кету", "өсу", "суыну"** циклдері аясында реттеушілерден күтілетін болжамды жауапты көрсетеді. Бұл ретте тиісті жағдайға байланысты тиісті жауаптың болмауы экономиканың қызып кету немесе тежелуін одан бетер күшейтіп, көрсеткіштердің одан әрі жағымсыз сипат алуына әкеп соғады.



## **Жауапкершілікті шектеу:**

**Jusan Analytics** - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл **Jusan Analytics** тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ **Jusan Analytics** тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және **Jusan Analytics-тің** алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

**© 2022 ж., барлық құқықтар қорғалған.**